



**Масалиева Ж.А.**

## **ЕКІ ФУНКЦИЯЛЫ ҚОСЫМША**

*В статье формы залога казахского языка рассматриваются как двухфункциональные аффиксы.*

*The forms of voice of kazakh language are considered as two functional affix.*

Қазіргі қазақ тілінде туынды түбір етістіктердің дені етіс аффикстерінің қатысуымен жасалған. Бір ғана *-т* қосымшасының 606 сөздін құрамында 4843 рет қайталануының өзі онын қолданылу аясының жоғарылығын анғартады. Етіс қосымшаларының осы активтілігі олардың сөз тудыруға қатысына кейбір зерттеушілер тарарапынан күдік тудыруға себепши болып отыр. Тіпті түркологияда етіс қосымшаларының сөзжасамға және грамматикалық форма тудыруға қатысы толық зерттеліп, орнықты дей алмаймыз. Сондықтан да етіс қосымшаларының, яғни етіс категориясының тілдік қабаттан алатын орнын онын зерттелу тарихымен, лексика-грамматикалық сипатымен байланыстыра анықтаудың тіл білімі дамуына берері мол.

Кеңес өкіметіне дейінгі кезенде жазылған алғашкы түркологиялық енбектерден-ак етіс қосымшалары етістік сөз табының құрамында қаралған. Бұл етіс тұлғаларының қымыл-эрекеттің іске асуының түрлі сипатын білдіретіндігінін дәлелі. Әйтсе де бұл кезенге тән грамматикаларда етіс тұлғаларын топтастыруда бірізділік байқалмайды. М.Казем-Бек енбектерінде «страдательный глагол», «возвратный глагол» [1.92] атауымен берілсе, М.Терентьев етіс тұлғаларын етістік құрамында *-ма*, *-ме* болымсыздық қосымшаларымен бірге қарастырады [2.44].

Алғаш етіс категориясының тұлғаларын түстеп, санын топтап анықтаған іргелі енбек – «Алтай тілі грамматикасы». Онда етіс «вид» терминімен аталып, төрт топқа топтастырылған [3]. Осы енбектегі етіс қосымшаларының анықталу сипаты жайты профессор А.Хасенова былай деп жазады: «Ортақ, өздік, ырықсыз, өзгелік деп беліп, оларды жеке-жеке сөз етіп, қысқаша анықтама беріп, аффикстерін көрсете кетуі үшін «Грамматиканың құндылық жағы еді» [4.21].

Етістің «залог» деген атаумен аталып, терминдік деңгейге жетуі П.М.Мелиоранскийдің қазақ-қыргыз тілі грамматикасынан [5], ал қазақ тіл білімінде «етіс» терминімен аталу А.Байтұрсынұлы зерттеулерінен басталады. Галым етіске мынандай анықтама береді: «Етістіктің түпкі түрі сабактың салтан етіс. Осы екі етістің түбіріне түрлі жұрнақтар жалғанып, түрлі сөздер туады. Етіс жұрнақтар: 1 – бір етістен етістік сөздер туызылады, 2 – етістерден есімдік сөздер туызылады. Сабакты етіс пен салтан етістен басқалары туынды етіс» [6.254]. Галым *-қыла*, *-стыр*, *-ыңқыра* жұрнақтарын да етіс қосымшаларының қатарында көрсетеді.

В.Г.Архангельский құрастырған қазақ тілі грамматикасында «залог» атауы қолданылып, салт



етіс пен сабакты етіс қосылып, етіс түрлерін жетіге жеткізген [7.67].

Қ.Жұбанов етісті «мағына жағынан істеуші мен істелушінің арасында қандай қатынас барын көрсететін категория» деп тұжырымдайды. Мұнда да өздік *etis*, ортақ *etis*, ырықсыз *etis*, салт *etis*, сабакты *etis*, осіңкі (-ыңқыра, -іңкіре) *etis* деп аталатын жеті тобы көрсетілген [8.382]. Автор етіс қосымшаларының орнын анықтауда оларды етістіктін тұп негізі мен болымсыздық түрлеуішінің арасына сыйыса алатын үстеулер деп анықтайды.

Жоғарыда айтылған пайымдаулардан байқағанымыз, алғашқы грамматикалардан бастап 30 жылдары жазылған еңбектерде етіс жалпы етістік құрамында каралып, түр-түрге түрліше бөлініп көрсетілгенімен, оның өзіндік сипаты ашылмады, басқа да толып жатқан етістік формаларымен аРАЛАСЫП жатты.

Одан бергі 1940 жылдары жызылған барлық зерттеулерде етістер туралы, оның түрлері туралы мәліметтер беріледі. Бірақ оларды топтап, түрге бөлуде бірізділік болмады. Бірде үшке, төртке, бірде "негізгі *etisim*" қосып беске бөліп көрсетеді. Айталақ, Ф.Бегалиев пен Н.Сауранбаевтың қазақ тілінің грамматикасында етіс қосымшалары етістің семантикалық түрлері болып анықталып, осіңкі *etisim* (-кыла/келе), дүркінді *etis* (-ыңқыра/іңкіре), қалау *etis* (-сын/сін) – барлығы бір қатарда аталады [9].

Н.П.Дыренкова ойрот, шор, хакас тілдерінің грамматикаларында етіс тұлғаларын төртке бөліп көрсетеді. Мұнай топтастыру Н.А.Басқаков, И.А.Батманов, Н.К.Дмитриев еңбектерінде орын алған. А.Н.Кононов, Ф.Г.Исхаков, А.А.Пальмбах т.б. ғалымдар етіс түрлерін беске топтастырады. Мұнай алашақтықтар 1950 жылға дейін етіс категориясының өз алдына зерттеу объектісі болмағанын айфактайды.

50 жылдан бастап етіс категориясы етістік құрамында ғана айтылып, дербес зерттеу объектісі ретінде ғылыми негізде қарастырылды. Бұл тақырыпты жеке зерттеу объектісі ретінде қарастырған ғалымдар саны да молая бастады. Қарақалпақ тілінде Н.А.Басқаковтың, қазақ тілінде А.Қалыбаеваның, өзбек тілінде С.А.Фердаустың, түркмен тілінде Б.Чарыяровтың, башқұрт тілінде А.Х.Фатыховтардың зерттеулерін атауға болады.

Жоғарыда сөз болғандарды топтастыра келе етіс категориясының анықтау сипатын үш бағытқа қарастырамыз: *бірнешіден*, етіс қосымшаларын сөз тудыруши тұлғалар деп анықтау; *екінешіден*, етіс қосымшаларын форма тудыруши тұлғалар деп анықтау; *үшінешіден*, етіс қосымшаларын екі функциялы (әрі сөз тудыруши, әрі грамматикалық) деп анықтау.

**Етіс қосымшаларын сөз тудыруши тұлғалар** ретінде топтастыру Н.А.Басқаков зерттеулерінен бастау алады. Зерттеуші ғалым «...категории вида и залога возникают внутри данной части речи посредством образованию глагола от глагола. ... Залоговые формы глагола с точки зрения отношения к процессу действия его субъекта и объекта или нескольких субъектов и представляют категорию словообразования, а не словоизменения» деген тұжырым жасайды [10.306].

Қазақ тілінің етіс категориясын арнайы зерттей келе ғалым А.Қалыбаева да үш тұлғалар жайында «етіс аффикстері өздері қосылған етістіктін субъектісі мен обектіге қатысын көрсетумен бірге ол түбірге үстеме немесе мұлдем жаңа мағына беріп, қазақ тілі сөздік құрамы ғана емес, негізгі сөздік қорына да енетін туынды түбір етістіктер жасайды» [5.105] деп жазады. Автор етіс қосымшаларының кез келген етістікке жаппай жалғана бермей, яғни талғап жалғануын және бірінін үстіне бірі қосылып жалғана алуын негізге алып, етіс тұлғаларын сөз тудыруши қосымшаларға жатқызады.

Көрнекті түрколог А.М.Щербак та етіс қосымшаларын етістіктін сөзжасамында сөз етеді [12].

**Етіс қосымшаларын форма тудыруши тұлға** деп анықтаушылар саны түркологияда өте көп. Б.О.Орзубаев етіс қосымшаларының сөз тудыруши функциясын жоққа шығармайды, бірақ негізінен грамматикалық мағына тудырады деп есептеген ғалым «как продуктивные формы, все залоговые аффиксы обладают больше грамматическом значением (залоговым), а их чисто словообразовательное признаки сохранились в основным только в окостеневших образованиях типа *жасалын* (умолять), *тутін* (дым)» деп жазады [13.32].

Қазақ тілінде Ы.Маманов етіс категориясын таза грамматикалық категория деп есептейді. Ғалым «...туынды түбір етістік пен етіс формалары бір емес, үшлар екесі – екі категория. Жұрнақ арқылы жасалған туынды түбір етістіктер (*ойна*, *ойла*, *қанық*, *кон*) түбір сөз дәрежесінде ғана қолданылады, оның жұрнақтары үстеме грамматикалық мағына білдірмейді, тек бір типтес сөздер тобын жасайды. Ал етіс жұрнақтары негізгі және туынды түбір етістіктерге жалғанып, сөздердің лексикалық мағынасын өзгертпей, оларға грамматикалық мағына үстейді, грамматикалық модель жасайды», - деп



тұжырымдайды. Автор етіс қосымшаларын түбірге таза грамматикалық мағына үстейтін модификациялық формалар деп анықтайды [14.6].

С.Исаев етіс қосымшаларының форма тудыруши қызметін оның жалғанған сөзінін мағынасын өзгерту-өзгертуеуі мен сөзге жалғану мүмкіндігіне сүйеніп анықтайды. Автордың пікірінше, етіс қосымшалары әрқашан өзі жалғанған етістік түбірдін лексикалық мағынасын өзертеп жібермейді. Екіншіден, ырықсыз және өздік етіс қосымшалары сабакты етістіктің бәрінә жалғана алады. Яғни етістіктің белгілі бір тобына түгелдей жалғана алу мүмкіндігі бар. «Етіс қосымшаларының грамматикалық абстракция жасай алуы, өнімділік-өнімсіздік, құнарлық-құнарсыздық сипатының болмауы, сонын арқасында қосымшалары жалғанған жердін бәрінә жана сөз тудыру қатарын құрай алмауы етіс қосымшаларын сөзжасам қосымшаларының қатарына косуға болмайтындығын көрсетеді. Ал кейбір етістіктің құрамында келіп, жана туынды түбір, демек негізгі түбірден өзгеше жана лексикалық мағына білдіретін жоғарыда көрсетілгендей сөздердін (*айтыру, болысады*) жеке лексема болып, сөздік құрамынан бөлек-бөлек орын алуы тек қана етіс қосымшаларының жалғану нәтижесі емес, одан да ғөрі семантикалық процестін (сөзжасамның синтетикалық тәсілінен ғөрі семантикалық тәсілінін) басым болуы, яғни ішкі мағына дамуының нәтижесі деп қараған жөн» [15.173-177].

**Екі функциялы тұлға** деп анықтаушылар А.А. Юлдашев, Э.В. Севорян сынды ғалымдар. Башқұрт тілінің зерттеушісі А.А.Юлдашев етіс қосымшаларын тек сөз тудыруши деп анықтаудын біржактылығын ескерте келе, әрбір етіс формасының сөзжасам мен форма тудыруға катысын жеке-жеке алып қарастырады. Ғалым былай деп жазады «...один и тот же залоговый аффикс в одном случае покрывает собой только зологовое значение, совершенно не касается лексического значение основы, и таким образом имеет исключительно словоизменительный характер: в другом, наоборот, не имеет никакого залогового значения. ... в связи с этим основное внимание пришлось обратить на разграничение словообразовательной и словоизменительной функции зологовых форм» [16.87]. Автор ортақ етіс формаларын негізінен сөз тудыруши деп анықтайды. Ал өзгелік етіс мағынасының өз орнында жұмысалуы үшін объекті мен субъектінің тікелей қатысы керек. Басқа жағдайларда ол сөз тудыруши функция атқарады деп көрсетеді. Ырықсыз етіс формаларын ғалым сөз түрлендіруші тұлғалар деп таныған. Өздік етістің функциясын да екі жақты белгілейді. Осы талдаулардан кейін автор мынандай корытындыға келеді «...залоги в башкирском языке представляет собой словоизменительную категорию. Все залоговые аффиксы имеют словообразовательное значение. Но во всех случаях когда они выступают в словообразовательной функции, они не имеют залогового значение, эти аффиксы нисколько не изменяют лексического значения основы и несут с собой исключительного грамматическое значение золога» [16.91].

Жоғарыда сөз болған зерттеулер нәтижесіне сүйене отырып, етіс қосымшаларын дәстүрлі, тіл білімінде қалыптасып кеткен пішін тудыруши журнактар қатарында емес, екі функциялы тұлға ретінде топтастырғанды жөн деп санаймыз. Ал олардың мағыналық қызметі грамматикалық тұлғалардың түркесіміне қарай анықталады.

#### Әдебиеттер:

1. Казем-Бек М.А. Общая грамматика турецко-татарского языка. – Казань: Типография университета, 1846.
2. Терентьев М. Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская. СПб, 1975.
3. Грамматика алтайского языка. – Казань: Типография университета, 1869.
4. Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. Алматы, 1971.
5. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. – СПб, 1897.
6. Байтурсынулы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
7. Архангельский В.Г. Грамматика казахского языка. – Ташкент, 1927.
8. Жұбанов Қ. Қазақ тілі туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999.
9. Бегалиев Ф., Сауранбаев Н. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ғылым, 1963.
10. Баскаков Н.А. Историко-типологическая морфология тюркских языков. – Москва: Наука, 1988.
11. Қалыбаева А. Қазақ тіліндегі етіс категориясы. Алматы, 1985.
12. Щербак А.М. Грамматика староузбекского языка. – М-Л, 1948.
13. Орзузаева Б.О. Словообразование в киргизском языке. – Фрунзе, 1964.
14. Маманов Ұ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1973.
15. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. – Алматы: Ана тілі, 1992.
16. Грамматика башкирского литературного языка. – Москва, 1967.